

# АНАТПОД

Анасторий  
Таңбай

1990 жылдың  
наурызбың 22-сінен  
бастап шығады

## Қасіретті кезеңнің хикметтері



Бердібек Соқпақбаев деген кезде, ең алдымен, ойымызға алдымен сарт етіп түсे қалатыны – «Мениң атым – Қожа» повесі. Оған себеп болатын фактор екеу. Біріншіден, осы туынды жарқ етіп шыққан дәуірде қазақ прозасында нақ сонымен тенденсе кететін балалар туындысы тым аз еді. Жас оқырман арасында ғана емес, әдебиет сыншыларының да назарына ілігіп, бірден-ақ танымал болғаны сондықтан. Екіншіден, аталған повестің желісімен түсірілген аттас көркем фильмнің әсері. Оның режиссері Абдолла Қарсақбаев шығарманың әдеби негізі мен экрандық дүниенің арасын байланыстыра алатын көркемдік кілтін шеберлікпен тауып кеткен. Қазір жас оқырман Қожаны осы фильм арқылы жете таниды.

Осы арада айта кететін жағдай – Б. Соқпақбаевтың басқа туындыларының ішінде көркемдігі одан еш кем емес басқа повестерінің де бар екені.

Бердекең көзі тірісінде-ақ қазақ балалар прозасының көш басында тұрған қаламгер болатын. Ол сонау Кеңес дәуірінің кезеңі еді. Осы уақыттың ішінде қазақ балалар прозасы тоқтап қалған жоқ. Қаншама жақсы шығармалар жазылды. Басқасын айтпағанда, өткен ғасырдың жетпісінші-сексенінші жылдарында жыл сайын жарияланып тұрған жабық бәйге ортамызға талай туындыларды алғып келді емес пе?

Соған қарамастан, қазақ балаларының арасында Бердібек Соқпақбаевтай кен танылған жазушы сирек болды. Тіліндегі ойнақылық, езу жиғызыбас юмор, кейіпкерінің ұшқыр қиялшылдығы, тапқырлығы мен тентектігі, ең бастысы, автордың да, кейіпкердің де адамға деген шексіз махаббаты сияқты факторлар – Б. Соқпақбаев шығармашылығының ең ұнасымды сипаттары. Қай туындысын алғып қарасақ та, қызықты сюжетімен, психологиялық иірімдерімен үнемі еліктіріп, қашан аяғына жеткеніңше бас көтертпейді. Оның тұңғыш кітабы «Бұлак» атты өлеңдер жинағы қазақтың майдангер

ақыны Әбу Сәрсенбаев директорлық еткен «Оку құралдар» баспасынан 1950 жылы жеке кітап болып шығыпты.

Бұдан кейінгі «Он алты жасар чемпион», «Алыстағы ауылда», «Менің атым – Қожа», «Балалық шаққа саяхат», «Аяжан», «Қайдасың, Гауһар» повестері мен «Өлгендер қайтып келмейді» романы т.б. шығармалары өмірге келді. Балалық, жастық шағы қызындыққа толы, қайғылы да мұнды кезеңдері көп кездессе де, Бердекенде шығармашылық қадамын бірден сәтті бастаған жазушы деп айтуға болады.

Жазушының балалар мен жасөспірімдерге арналған әңгіме, повесть, роман кітаптарының жалпы саны жиырмадан асады. Олардың ішінде «Менің атым – Қожа», «Балалық шаққа саяхат», «Аяжан», «Бозтөбеде бір қыз бар», «Өлгендер қайтып келмейді» және «Қайдасың, Гауһар» секілді повесть-романдары кезінде КСРО халықтарының және шетелдердің көптеген тіліне аударылған. Кейбір шығармалары сахналық, экрандық нұсқаға айналған. Мінезі қарапайым, өзімен-өзі жүретін томаға-түйік жазушы көзі тірісінде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасынан өзге мемлекеттік марапаттау көрмепті, былайша айтқанда, бойындағы биік дарыны мемлекет тарапынан жете бағаланбай қалыпты.

Жазушының әшекейлі мөлдір тілі, сюжет пен тартыс құрудағы, мінез сомдаудағы стильдік ерекшеліктері шығармадан-шығармаға шындалып, шымырлана түсіп отырды. «Алыстағы ауылда», «Менің атым – Қожа», «Қайдасың, Гауһар» повестерінің әрқайсысы кезінде қазақ балалар әдебиетінің көкжиегін кеңейткен, тақырыптық сонылық, идеялық көркемдік жаңалық әкелген айтулы шығармалар еді. Кеңес әдебиетіндегі жағымды кейіпкер женіп, жағымсыз кейіпкер женіліп жататын жаттанды идеологиялық схеманы алғаш бұзғандардың бірі де біздің Бердекен.

Бір назар аударатын нәрсе – балаларға арнап жазып, балалар жазушысы атанғанымен, оның әңгіме-повестерін ересектер де сүйіп оқытын. Осының өзі-ақ – Б.Сокпақбаевтың қалың оқырманның махаббатына бөленген халықтық қalamгер екенінің дәлелі.

Жазушының «Балалық шаққа саяхат» повесі жас оқырманға арналып жазылғанымен, оның бойында оқырманның барлық санатының көңіліне қонатын көркемдік нышан баршылық. Отзызыншы жылдарда етек алған жаппай ашаршылық – Кеңес дәуірінде бұл тыйым салынған жабық тақырып болатын. Бұл кезең қазақ ауылын отырықшыландару, байдың мал-мұлқін тәркілеу, колхоздастыру және осындай саяси-экономикалық асыра сілтеудің салдарынан орын алған нәубет жылдары екені белгілі. Кеңес әдебиетінде бұл тақырып сексенінші жылдардың ортасына дейін айтылмай келді. Соған қарамастан, Б.Сокпақбаев өзінің балалық шағына ойша саяхат жасай отырып, қазақ халқының басына ауыртпашылық әкелген отзызыншы жылдар оқиғаларынан хабардар ететін штрихтарды жіңішкелеп енгізіп отырган. Жана өмір, социализм орнатамыз деген жалаң ұранмен қазақ ауылының ашаршылыққа, күйсіздікке ұшырағанын жазушы нақты өмір детальдары арқылы қисынды жеткізген.

«Таңертең сабакқа баар кезде шешем маған бір кружка сүйқылтый арпа

көже ысытып береді. Күні бойғы қорегім сол ғана. Мектептен қайтқанда аштықтан көзім қарауытып, бұралып, үйге зорға жетемін...

... Бір күні оқудан тағы да ішім-ішіме қабысып, әрең келдім. Ауырып жатқан шешеме өлімсірей қарадым. Шешем үнсіз. Пәлен жерде мен үшін сақталып қойылған бір уыс бидай барын айтпады. Үйде ауызға салар түк қалмағанын бірден білдім.

Бұл – бірінші кездесіп отырған жағдай емес». Осы үзіндідегі эпизод отызыншы жылдардағы ашаршылық жайларған ауыл адамының ауыр түрмисынан хабар береді. Кенес дәуіріндегі бұл шетін тақырыпты атақты деген қаламгерлердің өзі аттап өтіп жатқанда, Б.Соқпақбаев тайынбастан, қазақ тарихының ашы шындығын сездіріп өтуге тәуекел етіпті. Өзі бастан кешкен қатыгез кезең арқылы оқушының көз алдына отызыншы жылдардағы қазақ ауылшының жанды суретін әкеледі.

Тағы да «Балалық шақ повесіне» үңілейік:

«– Енді аз жылда социализм орнайды, – дейді Сагатбай. – Колхозда жақсы-жақсы үй салынады, киім, тамақ көп болады. Социализмнен кейін коммунизм орнайды. Нағыз рақат өмір, міне, сол. Тамақ та, киім де, дүние-мұліктің бәрі де тегін болады.

– Дүкенде сатушы болмай ма?

– Болмайды.

Менің көз алдыма есігі айқара ашық түрган, сатушы жок дүкен елестейді. Жұрт шұбап кіріп жатыр, керек деген нәрсесін құшақ-құшақ алғып жатыр. Жоқшылықтан көз ашпай келе жатқан мен байғұсқа коммунизм өте-мөте ұнайды. Орнаса – тезірек орнаса екен деп арман етем. Коммунизм орнаған күні дүкенге бірінші болып барап едім. Бастан-аяқ түгел жаңа киім алам. Еркімше тойып жеймін. Епкім алма, жеме демейді. Өйткені коммунизм». Бұл тек Бердібектің ғана емес, балалық шағы сол бір дәуірмен тұспа-тұс келген, тіпті бертіңгі кезеңдегі бірнеше буын өкілдерінің де ой-арманы болғаны сөзсіз. Қаншама ұрпақтың осылайша коммунизм елесімен өмір сүріп, құрғақ сөзге балаша алданып келгенін жазушы бір-ак детальмен жеткізген.

«Балалық шаққа саяхат» повесінің жас кейіпкері – кішкентайынан қындық атаулымен айқас үстінде шындалған, заманың тарлығына қарамастан, әділет үшін құресе білетін қайсар да адал жан.

Жазушының қай шығармасында да негізгі персонажды айтпағанда, екінші қатарда аталып өтетін жанама кейіпкерлердің өзі оқырман есінде қалатын деңгейде. Оқиғаның дамуына қарай бірі көбірек, бірі азырақ көрінгенімен, әрқайсысы бір-бір көркемдік жүк арқалап тұрады. Сондықтан, кейбір жазушылардың шығармаларындағыдай, Б.Соқпақбаевта көркемдік міндет атқармай, бос жүрген басы артық кейіпкер кездеспейді. Бір ғана «Балалық шаққа саяхаттың» ішінде оннан аса кейіпкердің көркемдік жүк арқаламайтыны жоқ.

Осы шығармадағы бас кейіпкердің әкесі мен шешесі, ағалары, інісі – әрқайсысы өз қалпымен еш боямасыз, әсірелеусіз, өмірде қандай болса, сол құйімен кітап бетіне табиғи қалпын бұзбастан көше салған. «...Мен әкеме

риза едім... жасы бұл кезде отызды орталап қалған. Соған қарамастан, жүріс-тұрысы қарт адамдікі тәрізді. Ырғалып-жырғалып, ол қозғалып болғанша, өмір керуені біраз жерге барып та үлгереді...»

«Неге екенін қайдам, әкемнің тонында түйме дейтін нэрсе болмайтын. Киеді де, тоның екі өнірін айқастырып, беліне май жағудан қап-қара болған жіңішке қайыс белбеу буынады. Қатты тартып буынған белбеудің әсерінен етегі делдиіп қалады. Әкемнің аласалау жалпақ денесі сол кезде одан бетер аласарып кеткендей болады... Дәл арқасына белбеуден өткізіп, балта қыстырады. Үйде ер болмағандықтан, әкем қызыл өгізге ыңыршақ ерттейді. Тартпа орнында құр жіп. Үзенгінің біреуі ағаш, біреуі темір...»

Міне, шымшыма әзілмен айтылған осы жолдардағы кейіпкер портреті тасқа қашалып жазылғандай айқын. Б.Сокпақбаев шығармашылығының бір артықшылығы да осындай орынды айтылған таусылмас юморында. Ол өмір шындығын бала кейіпкердің көзімен жеткізуге шебер. Өз басым «Балалық шаққа саяхат» пен «Өлгендер қайтып келмейді» романын жазушының басты шығармалары деп қабылдаймын.

«Балалық шаққа саяхат» повесінің желісімен көркем фильм де түсірілген болатын. Бірақ ол «Менің атым Қожа» картинасындағы беделге ие бола алған жоқ.

Б.Сокпақбаев қаламынан Қожа, Сұлтан, Жанар, Жантас («Менің атым – Қожа»), Еркін, Фалия («Өлгендер қайтып келмейді»), Бердібек, Сағатбай мұғалім, Жылқыбай, Қадиша («Балалық шаққа саяхат»), Аяжан, Нұрдәulet, Ораз («Аяжан»), Гаунар («Қайдасын, Гаунар») жән басқа да көптеген кейіпкерлер өзіндік міnez-құлығымен бірін-бірі толықтырып тұрады. Жазушының повестеріндегі Қожа, Еркін, Жәнібек, Бердібек тәрізді жеткіншектердің қай-қайсысы да қиялы өте ұшқыр, өмірге деген құштарлығынан, сенімінен, оптимизмнен айырылмайтын, алдынан кездескен қындықтарды моральдық тұрғыда жеңе білетін табанды да қайсар жандар. Олар бастан кешкен қандай қысталан, бұралаң сәттерде де мойымайды, таяқ жеп, қысастық көріп жүрсе де, налымайды. Басты мақсаты да әділеттік үшін құресу.

Жекелеген кемшіліктеріне, шалыс басқан қателіктеріне қарамастан, бұндай кейіпкерлерді оқырманның жақсы көріп кететін себебі неде екен?

Сокпақбаев туындыларының оқырманды еріксіз баулап алуының сыры жазушылық шеберлігінде жатыр. Сол шеберліктің сырына әлі де тереңдеп үңіле түсуіміз керек.

Бір кезде сыншылар «Өлгендер қайтып келмейді» романының негізгі мақсаты – Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тылдағы ерлікті, лапылдаған патриотизмді, көзге тұсерт ерен енбекті жазу деп түсіндіріп жүрді. Бүгінгі күн тұрғысынан қарайтын болсақ, шығарманың астарлы қырлары да бар.

Жазушының алдыңғы қатарға шығаратыны – өзі суреттеп отырған дәуірдегі өмір шындығын көріп-білгенін, ел тұрмысын, тіршілігін, қым-қуыт өмір бұраландарын еш қоспасыз, бірауыз жалған сөз кірістірмей, көркем тұрде әңгімелуеу.

Кейіпкерлердің осы жүдеу тірлігінің ішінде қайғы-қасірет те, қуаныш-реніш

те, опасыздық пен адалдық та, еңбек те, аш-жалаңаштық та – бәрі сыйып жатыр. Ерлік жасаймын деп қарадай жанталасып жүрген де ешкім жок. Барымды майданға жіберіп жатырмын деп көкірегін соққандар да көрінбейді. Майданға азаматтарын аттандырған ел барын солардың артынан жіберіп, үлкен демей, кіші демей тіршілік қамында.

«Балалардың окуды тастағанына, ең алдымен, колхоз қуанады. Бір бала оқу тастаса, колхозға бір жұмыскер қосылғаны. Екі бала тастаса, екі жұмыскер қосылғаны. Бригадир маған екі ат, бір арбаны қуана-қуана берді», – дейді кейіпкер. Балаң жігіт Еркін көкірегін қағып, даурықпай-ақ, осылайша, тұрмыстың қысымымен колхоз жұмысына араласады. Онан әрі жалғасып жататын кейіпкердің еркінен тыс құрделі өмір жолдары.

Б. Соқпақбаевтың жас кейіпкерлері – өздеріне маза бермейтін тынымсыз жандар. Истері оңалып, ілгерілеп келе жатқанда, кенет аяқ астынан шыңырауға да құлдырап кетеді. Азамат болып, қатарға қосылу олар үшін оңайға түспейді. «Балалық шаққа саяхаттағы» Бердібектің (бастапқы нұсқасында Бектас), «Өлгендер қайтып келмейдідегі» Еркіннің, «Менің атым – Қожадағы» Қожаның ылғи жаңсақ басып, небір пәле-жалаға ұшырап жүретінін еске алайық.

Мысалы, ауылындағы дөкір бастықпен айқасу барысында Еркін әділдікке жете алмайды. Есесіне, одан әрі құғынға ұшырайды. Соның теріс көзқарасының салдарынан ФЗО-ға барып, одан қашамын деп түрмеге де түседі. Аштықты да, жалаңаштықты да, қайыршылықты да көреді. Бірақ сағы сынбайды, тек алға ұмтылады; адам болуды ойлайды, адап болуды, басын кессе де, шыншыл болуды мұрат тұтады. Ержетіп, институт бітіріп, мектепте ұстаздық қызмет атқарып жүрген уақытында да әділдікке жете алмай, сүрінетін жерлері бар.

«Өлгендер қайтып келмейді» романын жастық шағын соғыс өрті шарпыған, әкесіз, ағасыз өскен ұрпақтың өсіп-жетілуінің, саналы азамат санатына қосылуының көркем шежіресі деуге де болады. Алыстағы ауылда туып-өскен қазақтың қара домалақ баласының бір басын тауға да, тасқа да соғып жүріп, күреспен өткен жастық кезеңі тағылымға толы. Жазушы бір кейіпкердің тағдыры арқылы сол кезеңдегі замандастардың типтік бейнесін жасаған. Халқымыздың басынан өткен небір зобаландар – қайғы-қасіреті, қуаныш-сүйеніші, қысы мен жазы, тоқшылығы мен жоқшылығы – бәрі-бәрі қаз-қалпында көз алдымыздан өтеді. Жазушы қаламы сол өмірдің қас қағым сәтін қалт жібермей, ащысын ащаңай, тәттісін тәттідей дәл береді. Тарихи-әлеуметтік тұрғыдан алып қарағанда да «Өлгендер қайтып келмейді» романы мен «Балалық шаққа саяхат» повесі – көркемдік-эстетикалық межені жеткілікті игере алған классикалық туындылар.

Біз бүгінде туғанына 100 жыл толып отырған жазушымызды осы жағынан да жоғары бағалау керегін ұрпақ санасына сініре жүрсек дегім келеді.

Нұрдәulet Ақыш,  
М.Әуезов атындағы Әдебиет және  
өнер институтының бас ғылыми  
қызметкері, жазушы